

Crypto Pay сервисін пайдалану шарттары мен тәуекелдері туралы хабарлама

Crypto Pay – QR-кодтарды қолданатын қосымша сервис, бұл ретте Банктің Сізге төлемдерді қабылдау бойынша қызметтерді көрсету шеңберінде төлемдерді өңдеуі цифрлық активтер қызметтерінің провайдерімен бірлесіп, оның инфрақұрылымын пайдалана отырып және төлеуші жағында қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді қолдану арқылы жүзеге асырылады, бұл ретте Сізбен есеп айырысу тек қана Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгеде жүзеге асырылады.

«Жалғастыру» батырмасын басу арқылы Сіз төмендегілерді растайсыз:

- Crypto Pay сервисінің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі енгізген ерекше реттеу режимі шеңберінде Банкпен ұсынылатынымен танысқаныңызды;
- Crypto Pay сервисін пайдалану кезінде есеп айырысуларда төлеуші жағында қамтамасыз етілмеген цифрлық активтер пайдаланылатынын түсінетінін, бұл ретте Сізбен есеп айырысу тек қана теңгеде жүзеге асырылатынын;
- цифрлық активтер қызметтерінің үшінші тарап провайдерлерінің қатысуына байланысты ықтимал тәуекелдерді, олардың әрекеттері мен әрекетсіздігі үшін Банктің жауапты емес екенін, оның ішінде цифрлық активтер қызметтерінің провайдерлері тарапында туындайтын техникалық іркілістер мен өзге де мән-жайларды түсінетінін және қабылдайтыныңызды;
- Crypto Pay сервисінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қажетті деректерді цифрлық активтер қызметтерінің провайдерлеріне және уәкілетті органдарға беруге келісім бергеніңізді;
- Crypto Pay сервисін тауарлар/жұмыстар/қызметтер үшін төлем жасау мақсатында пайдаланған кезде төлеушілермен барлық өзара қатынастар, оның ішінде міндеттемелерді орындау, тауарлардың/жұмыстардың/қызметтердің сапасы, қайтарымдар және өзге де талаптар бойынша қатынастар тікелей Сіз бен төлеушілер арасында туындайтынын, бұл ретте Банк пен цифрлық активтер қызметтерінің провайдерлері мұндай қатынастардың тарапы болып табылмайтынын, дауларды шешуге қатыспайтынын және мұндай міндеттемелер бойынша жауапты болмайтынын түсінетінін;
- төлеуші жағында қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді пайдалануды банктік қызмет көрсету шарты және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шеңберінде реттелетін құқықтық қатынастар аясында Банкке қандай да бір талаптар, наразылықтар немесе талап-арыздар қою үшін негіз ретінде қарастырмайтыныңызды;
- төлемдерді қабылдау бойынша қызметтерді көрсету үшін Банктің қолданыстағы тарифтері мен мөлшерлемелерімен танысқаныңызды және келісетінін;
- Crypto Pay сервисін пайдалануды реттейтін, банктік қызмет көрсету шартында айқындалған өзге де талаптармен танысқаныңызды.

Сұрақтар туындаған жағдайда Банкке мына деректемелер бойынша хабарласа аласыз:

«Alatau City Bank» акционерлік қоғамы
Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Медеу ауданы, пошта индексі
A26F8T9, Назарбаев к-сі, 242-үй.
Тел.: 7711
Пошта: info@alataucitybank.kz

Crypto Pay сервисін пайдалану шарттары мен тәуекелдері туралы хабарламамен танысқанымды және оның ережелерімен келісетінімді растаймын.

Жалғастыру